

## **Жылыой аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Атырау облысы Жылыой ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 18-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 наурызда № 4085 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жылыой аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экология, ауылшаруашылығы, агроөнеркәсіп, заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т. Майлыбаев) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XVIII сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Мұқанов*

*М. Кенғанов*

*Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 27 наурыздағы № 18-2 шешіміне қосымша*

## **Жылыой аудандық мәслихатының күші жойылған шешімдерінің тізбесі:**

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-3 "2017–2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3744 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

2. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 28 наурыздағы № 9-3 "Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-3 "2017–2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3824 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

3. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 28 наурыздағы № 9-4 "Жылыой ауданы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3814 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

4. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 30 маусымдағы № 11-1 "Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-3 "2017–2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3928 болып тіркелген, 2017 жылғы 2 тамыздағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

5. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 13-5 "Аудандық мәслихатының 2017 жылғы 28 наурыздағы № 9-4 "Жылыой ауданы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3947 болып тіркелген, 2017 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

6. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 14-1 "Жылыой аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-3 "2017–2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3966 болып тіркелген, 2017 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

7. Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 15-2 "Жылыой аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 8-3 "2017–2019 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4014 болып тіркелген, 2017 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.